КОПИЯ/КӨШІРМЕ

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АТЫНАН
Ш Е Ш І М

2026 жылғы 28 мамыр №3115-26-00-2/997 Тараз қаласы

Жамбыл облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты құрамында:
төрағалық етуші судья Б.С.Сәрсенбиева қойылған талап қою бойынша азаматтық істі оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен қарады

ТАЛАП ҚОЮШЫ:
«Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру комитетінің Жамбыл мемлекеттік мүлік және жекешелендіру департаменті» мемлекеттік мекемесі

ЖАУАПКЕРЛЕР:
Дара кәсіпкер «Марат» Марат Сайлауов Сланов

ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАП ҚОЮЫ:
Мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану туралы

ҚАРАР БӨЛІГІ:

Қазақстан Республикасының Азаматтық Кодексінің 272 бабтарын, Қазақстан Республикасының Азаматтық Процестік Кодексінің 267-4, 117, 223-226 баптарын басшылыққа ала отырып, сот,

ШЕШІМ ЕТТІ:

Талап қоюшы «Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру комитетінің Жамбыл мемлекеттік мүлік және жекешелендіру департаменті» мемлекеттік мекемесінің жауапкер дара кәсіпкер «Марат» Марат Сайлауов Слановты мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану талап қоюы қанағаттандырылсын.

Жауапкер дара кәсіпкер «Марат» Марат Сайлауов Сланов мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп танылсын.

Жауапкер дара кәсіпкер «Марат» Марат Сайлауов Слановтан мемлекет пайдасына 2 163 (екі мың бір жүз алпыс үш) теңге мемлекеттік баж өндірілсін.

Жауапкерлер оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен шешім шығарған сотқа сот шешімінің көшірмелерін алған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде осы шешімнің күшін жою туралы арыз беруге құқылы. Арыз, егер жауапкер талап қою арызының келіп түскені және оның оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен қаралатыны туралы тиісті түрде

"ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҚАРЖЫ МИНИСТРЛІГІ МЕМЛЕКЕТТІК МҮЛІК ЖӘНЕ ЖЕКЕШЕЛЕНДІРУ КОМИТЕТІНІҢ ЖАМБЫЛ МЕМЛЕКЕТТІК МҮЛІК ЖӘНЕ ЖЕКЕШЕЛЕНДІРУ ДЕПАРТАМЕНТІ" "МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ
883
13 07 26

КОПИЯ/КӨШІРМЕ

хабарландырылмаған және пікірді, сондай-ақ шешімнің мазмұнына әсер ете алатын дәлелдемелерді ұсына алмаған жағдайда беріледі.

Шешімге – осы шешімнің күшін жою туралы арыз беру мерзімі өткеннен кейін, ал егер арыз берілсе, осы арызды қанағаттандырудан бас тарту туралы сот ұйғарым шығарғаннан кейін бір ай мерзімде апелляциялық шағым берілуі, прокурор апелляциялық өтінішхат келтіруі мүмкін.

Судья Б.С.Сәрсенбиева

Шешім 28 мамыр 2026 жылы шығарылды.

Судья Б.С.Сәрсенбиева

Құжатқа қол қойылған: Сәрсенбиева Б. С., 28.05.2026

Заңды күшіне енген күні: 07.07.2026, судья Койтекеева С. Б., 07.07.2026

3115-26-3-1/1072

"ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҚАРЖЫ МИНИСТРЛІГІ МЕМЛЕКЕТТІК МҮЛІК ЖӘНЕ ЖЕКЕШЕЛЕНДІРУ КОМИТЕТІНІҢ ЖАМБЫЛ МЕМЛЕКЕТТІК МҮЛІК ЖӘНЕ ЖЕКЕШЕЛЕНДІРУ ДЕПАРТАМЕНТІ" МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ
883
13 07 26.

№3115-26-00-2/997

ҮЙҒАРЫМ

2026 жылғы 22 шілде Тараз қаласы

Жамбыл облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотының құрамында төрағалық етуші судья Сәрсенбиева Б.С. талап қоюшы «Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру комитетінің Жамбыл мемлекеттік мүлік және жекешелендіру департаменті» мемлекеттік мекемесінің жауапкер дара кәсіпкер «Марат» Марат Сайлауович Слановты мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану туралы азаматтық іс құжаттарын қарап,

АНЫҚТАДЫ:

2026 жылғы 28 мамырдағы сот шешімімен талап қоюшы «Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру комитетінің Жамбыл мемлекеттік мүлік және жекешелендіру департаменті» мемлекеттік мекемесінің жауапкер дара кәсіпкер «Марат» Марат Сайлауович Слановты мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану талап қоюы қанағаттандырылған. Жауапкер дара кәсіпкер «Марат» Марат Сайлауович Сланов мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп танылған. Жауапкер дара кәсіпкер «Марат» Марат Сайлауович Слановтан мемлекет пайдасына 2 163 (екі мың бір жүз алпыс үш) теңге мемлекеттік баж өндірілген.

Алайда, сот шешімінде, қате жазулар орын алған.

Қазақстан Республикасының Азаматтық Процестік Кодексінің (бұдан әрі-АПК) 235 бабына сай, сот шешімде жіберілген қате жазуларды немесе анық арифметикалық қателерді өз бастамасы бойынша немесе іске қатысатын тұлғалардың арызы бойынша түзете алады.

АПК-нің 235, 268-269 баптарын басшылыққа ала отырып сот,

ҮЙҒАРЫМ ЕТТІ:

2026 жылғы 28 мамырдағы сот шешімінде жіберілген қате жазулар түзетілсін.

Сот шешімінде жауапкер «дара кәсіпкер «Марат» Марат Сайлауович Сланов» деп жазылып, дұрыс оқылсын.

Үйғарымға наразы жақтар жеке шағым, прокурор өтінішхат үйғарым түпкілікті нысанда дайындалған күннен бастап он жұмыс күні ішінде Жамбыл облыстық сотының азаматтық істер жөніндегі апелляциялық сот алқасына Жамбыл облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты арқылы келтіруге құқылы.

Судья Б.С.Сәрсенбиева

Үйғарым түпкілікті нысанда 22 шілде 2026 жылы әзірленді.

Судья Б.С.Сәрсенбиева